



ОҚЫТУ ТЕОРИЯСЫ

Құндылықтар.
Өзіне деген сенімділік





Жоспары:

1. Құндылықтар.
2. Өзіне деген сенімділік.
3. Білім берудегі сенімділік.

Достар, сіздер құндылық деген сөзді естігенде не жайлы ойланасыздар? Сіз үшін не құнды? Бүгінгі дәрісімізде оқыту саласындағы құндылықтар туралы айтатын боламыз. Негізінен құндылықтар мотивация теориясымен тығыз байланысты. Құндылықтар мақсат, күтілетін нәтиже, өзіне сенімділік сияқты басқа да мотивациялық үрдістермен өзара байланысты. Мысалы, Маралдың отбасы басқа жаққа көшіп келгеніне байланысты ол (5 сынып оқушысы) жаңа мектепке баруы қажет болды деп ойлайық. Оның мақсаттарының бірі – жаңа дос табу. Ол достықты бағалайды және басқа балалармен ойнап, білетіндерін олармен бөліскенді қалайды (оның бауыры да, ағасы да жоқ). Марал өзі басқа балалармен қалай қатынасса, басқалары да онымен солай қатынасады және дос болады деп ойлайды (позитивті күтілетін нәтиже). Олармен сөйлескен кезде де дос болуға көмектеседі деген жолдарды таңдап алады, осылайша, жаңа достар таба бастаған кезде оның өзіндік тиімділігі арта түседі.

Мұғалімнің маңызды міндеттерінің бірі – оқушылардың қандай құндылықтарды бағалайтынын анықтау. Бұл әсіресе стереотип пен мәдени ерекшеліктерге қатысты мәселеде ерекше маңызды. Жүргізілген зерттеулер (1992) жасөспірімдер арасында мынандай стереотиптердің бар екендігін көрсетті: ұл балалар математикаға көбірек мән берсе, қыздар ағылшынмен көбірек айналысқан. Мұғалімдер жетістікке жетудің артықшылығын барлық балаға бірдей түсіндірулері керек, ол үшін, оларға қалай алдарына мақсат қойып, жетістіктерін бағалауға болады дегенді түсіндіре отырып, олардың жетістіктері қалай позитивті нәтижеге бастайтынын және олардың өзіндік тиімділігін қалыптастыруға көмектесетінін көрсетіп берулері керек. Шунк еңбегінде басты құндылықтардың бірі ретінде оқушылардың өз-өзіне сенімділігі айтылады.

Өзіне сенімділік дегеніміз қандай да бір әрекетті қажетті деңгейде үйреніп, атқару қабілетіне қатысты адамның өзіндік сенімі (Бандура, 1977a, 1977b, 1986, 1993, 1997). Демек, өзіне сенімділік – адамның әрекет ету қабілеті жайлы сенімі. Ол не істеу керектігін білу деген сөз емес. Өзіне сенімділікті анықтауда адамдар белгілі бір дағдыны әрекетке айналдыра білу қабілетін бағалайды. Ол сондай-ақ, адамдар өздерінің өміріне әсер ете алады деген сезімді алға жылжытуда да аса маңызды (Бандура, 1997, 2001).

Өзіне сенімділік пен нәтижелерге деген үміт екеуінің мағынасы бірдей емес (Шунк & Циммерман, 2006). Өзіндік сенім адамның қандай да бір әрекетті атқара аламын деген сенімін білдіреді. Ал, күтілетін нәтижелер сол әрекеттердің нәтижелі болатындығына деген сенімнен тұрады. Мысалы, Дархан «мұғалімнің сұрағына дұрыс жауап берсем ол мені мақтайды» (позитивті күтілетін нәтиже) деп ойлауы мүмкін. Ол мұғалімнің мақтауын да қатты бағалайды. Алайда өзінің дұрыс жауап бере алатындығына күмәнданған жағдайда ол сұраққа жауап бермеуі мүмкін (негативті сенім).

Концептуалдық тұрғыдан өзіндік сенімділік пен күтілетін нәтижелердің бір-біріне мүлдем ұқсамайтынына қарамастан, көп жағдайда олар байланысты болады (Шунк, 2012). Әдетте әрекеттерді үнемі дұрыс атқаратын оқушылар өздерінің білім алу қабілетіне сенімді болады және олар талпыныстары үшін позитивті нәтиже күтеді (және қол жеткізеді де). Сөйте тұра, өзіне сенімділік пен күтілетін нәтиже арасында айта қоярлықтай байланыс жоқ. Білім алуға деген сенімі жоғары болғанымен, мұғалім өзін ұнатпайды деп есептейтін оқушылар жақсы жауап берсем де мұғалім өзіне төмен баға қояды деп ойлайды.

Өзіне сенімділік өзіндік концепттен бөлек (Пахарес & Шунк, 2002; Шунк & Пахарес, 2005, 2009). Өзіндік концепт дегеніміз өздерінен маңызды адамдардың бағалауы мен қоршаған ортаның тәжірибесі, интерпретациясы арқылы қалыптасатын адамның өзіндік бейнесі (өзіндік «мені» (Шавельсон & Болус, 1982; Уили, 1979). Өзіне сенімділік нақты бір қабілетті білдіреді, ал, өзіндік концепт түрлі салаға қатысты сенімділіктен тұратын адамның жалпы өзіндік қабылдауы (Шунк & Циммерман, 2006; 9-тарау). Өзіне сенімділік көп жағдайда оқушылардың қабілеттеріне байланысты болады. Жалпы алғанда, қабілеті жоғары оқушылар қабілеті төмен оқушыларға қарағанда оқу мәселесінде өздерін сенімдірек ұстайды. Алайда сенімділікті қабілетпен



шатастыруға болмайды. Коллинз (1982) атты зерттеуші математика пәні бойынша қабілеті жоғары, орташа, төмен оқушыларды анықтайды. Ол сондай-ақ, әр деңгейдің ішінде де тиімділігі жоғары немесе төмен оқушылардың болатындығын байқады. Ол балаларға шығаруға есеп беріп, шығарылмай қалғандарын қайта шығаруды тапсырады. Қабілет жетістікке позитивті түрде әсер еткенімен, өзіне сенімі жоғары оқушылар көп есепті дұрыс шығарумен қатар, қалып қалған есептерді де шығарып берген.

Өзіне сенімділіктің жетістікке тигізер әсері әртүрлі болады. Өз-өзіне сенімділік сабақ үстіндегі әрекеттерге де әсер етеді. Білім алуда сенімі төмен оқушылар тапсырманы орындауға талпыныс білдірмеуі де мүмкін. Ал өздеріне сенімді оқушылар тапсырманы орындауға еш қиналмастан араласып кетеді. Өзіне деген сенімділік сонымен қатар, талпынысқа, табандылыққа және білім алуға әсер етеді. Оқыту мәселесінде өздерін тиімділер қатарына жатқызатын балалар әсіресе қиындыққа тап болған кезде өздерінің қабілетіне күмәнданатын оқушыларға қарағанда көбірек талпынып, ерекше табандылық көрсетеді. Өз кезегінде, бұл әрекеттер білімге бастайды.

Адамдар өздерінің ісіне, өзінің алдындағы үлгілерге, әлеуметтік пікірге, физиологиялық ерекшеліктерге қарай сенімділікке қол жеткізеді. Жетістік сенімділікті жоғарылатса, сәтсіздік керісінше төмендетеді. Басқалардың қалай оқып немесе әрекет жасап жатқанына қарай оқушылар өзіне сенімділігін бақылай алады. Басқаларға ұқсау өзіндік тиімділікті бағалауда аса маңызды. Өзі сияқты басқалардың жетістікке жеткенін көру бақылаушының сенімділігін көтерумен қатар, тапсырманы орындап көруге ынталандырады, себебі, басқалардың жасағанын өздері де жасай алатынына сенеді. Кейде қатарластарының сәтсіздікке ұшырағанын көрген оқушылар өздерінің де жетістікке жететіндігіне күмәнданады және тапсырманы орындауға жүрексінеді.

Мұғалімдер әдетте оқушыларға жақсы оқу мүмкіндігі бар деп жатады (мыс., «Бұл сенің қолыңна келеді»). Позитивті пікір өзіндік сенімділікті арттырғанымен, оқушылар ары қарай да нашар оқи берсе, ондай сенімділік ұзаққа созылмайды. Оқушылар сондай-ақ өздері бастан өткерген физиологиялық белгілерге сүйеніп те өзінің сенімділігі бар-жоғы туралы шешім шығаруы мүмкін. Мысалы, терлеу, дірілдеу сияқты эмоциялық белгілерді өздерінің оқуға қабілетінің жоқтығы деп қабылдауы мүмкін. Академиялық талаптар өздерін аса қобалжытпайтынын байқаған оқушылар тапсырманы орындауда өздеріне сенімдірек болады.

Бұл ақпараттар өзіндік сенімділікке автоматты түрде әсер етпесе де, танымдық тұрғыдан қолдауға ие болады (Бандура, 1982b, 1993, 1997). Өзіне деген сенімді қалыптастыруда оқушылар өздерінің қабілеті, талпынысы, тапсырманың күрделілігі, мұғалімнің қолдауы және жетістіктер мен сәтсіздіктердің түрі мен саны сияқты факторларды есепке алады (Бандура, 1981, 1997; Шунк, 2012).

Жетістік жағдайындағы өзіне сенімділік

Сенімділіктің академиялық білімде алатын орны аса маңызды. Зерттеушілер өзіне сенімділіктің таңдауға, талпынысқа, табандылыққа және жетістікке әсер етуі мүмкін екендігіне қатысты біраз деректерге қол жеткізді (Пахарес, 1996, 1997; Шунк & Пахарес, 2005, 2009). Өзіне сенімділік сондай-ақ, мансапты таңдауға да әсер етеді. Өзіне сенімді адам қиындыққа тап болған жағдайда бар күш-жігерін жұмсап, қажетті дағдысы болған жағдайда тапсырманы орындаудан бас тартпайды. Дегенмен дағдыларды алдын ала игермегеннен болып, оқушылардың өз қабілетіне күмәндана қарауы да білім алуға итермелеуі мүмкін. Бандураның пікірінше (1986), «Өзінің қабілетіне деген сенімсіздік білім алуға түрткі болғанымен, алдында игерген дағдыларды дұрыс қолдануға кедергі келтіреді» (394 б.). Саламон (1984) өзіне сенімі жоғары оқушылар тапсырма күрделі болған жағдайда оған ерекше мән бергенімен, оңай тапсырмаларға аса көңіл бөлмейтінін байқаған.

Жетістік пен танымдық әрекеттерді еске ала отырып, бірқатар зерттеулер кезінде Шунк өзіне сенімділігі төмен оқушыларға қарағанда сенімі жоғары оқушылардың түрлі академиялық тапсырмаларды жақсы орындайтынын байқаған. Оқушылардың компьютерлік бағ-



дарламаларға қатысты өзіндік сенімділігі компьютерлік бағдарламалар негізінде білім алуға позитивті түрде әсер етеді (Муус & Азеведо, 2009).

Қорытындылай келе айтарымыз, өзіне деген сенімділік дегеніміз мотивация мен жетістікке әсер ететін маңызды фактор. Белгілі бір тапсырмаға қатысты адамның өзіне сенімділігі оның дайындығы, физикалық жағдайы (ауру, шаршау) және аффективті көңіл күйі, сондай-ақ, тапсырманың сипаты (ұзақтығы, күрделілігі) сияқты сыртқы факторлар мен әлеуметтік ортаға (сыныптағы жалпы ахуал) қатысты өзгеріп отырады. Алайда өзіндік білімге қатысты кейбір көзқарастар оны барлығына ортақ (мыс., математикалық білім) және сенімнің тұрақсыздығымен байланыссыз деп есептейді.

Үлгі болатын адамдар және өзіне деген сенімділік

Оқушының айналасындағы үлгілер, мысалы ата-анасы, мұғалімдер, жаттықтырушылар, құрдастары өзіндік сенімділікті бағалауға қажетті маңызды ақпарат көзі бола алады.

Ересек үлгілер. Зерттеулер ересектерді үлгі ретінде пайдалану оқушылардың оқуға деген өзіндік тиімділігі мен жақсы әрекет етуіне әсер ететіндігін көрсетіп отыр.

Шунк (1981) ересектерді танымдық үлгі және дидактикалық тәсіл ретінде қолдану өзіндік тиімділікті арттыратынын анықтады. Балалардың өзіне сенімділігі жайлы көзқарасы олардың нақты әрекеттерімен тығыз байланысты болғандықтан, танымдық үлгі балалардың сандарды бөлу дағдысын арттырып, мүмкіндіктері жайлы нақты ақпарат бере алды. Ал, тек дидактикалық тәсілмен жұмыс істеген балалар өздерінің қабілетін артық бағалағаны анықталған. Дегенмен қандай тәсіл болса да сенімділік табандылық пен жетістікке оң әсер еткен. Бандура, Барбанелли, Капара және Пасторелли (1996) ата-аналардың білімге деген құштарлығы баланың академиялық жетістігіне де, өзіне сенімділігіне де әсер ететінін байқаған.

Құрдастар үлгі ретінде

Өзіне сенімділікті арттырудың тағы бір тәсілі қорқақ немесе дағдыларды жақсы игермегендігіне қарамастан, өзіне сенімділігін ақырындап арттырып келе жатқан балаларды үлгі ретінде қолдану. Мұндай үлгілер (copying models) талпыныс пен позитивті өзіндік пікір қиындықтарды еңсеруге қалай көмектесетінін көрсетеді, оқушылардың білім алудағы ұқсастығы мен өзіндік тиімділігін жақсырақ арттырады. Сандарды азайтуда қиналатын балаларға өзімен жасты балалар үлгі ретінде қатысқан шеберлік сағаттарын, копинг үлгіні, мұғалімдер үлгі ретінде қатысқан сабақтарды немесе ешқандай үлгі берілмеген бейнероликтерді көрсетеді (Шунк & Хэнсон, 1985). Өзімен жасты балалар үлгі рөлін атқарған жағдайда мұғалім тапсырма беріп, сосын үлгі қызметін атқарушы бала оны орындайды. Үлгі көрсететін бала өзінің жетістікке жететіндігін дауыстап айта отырып, тапсырманы тез орындап шықты. Осылайша, өзіне сенімділігінің жоғары, тапсырманың жеңіл екендігін көрсетті. Ал үлгі алатын бала басында біраз қателер жіберіп, өзінің жетістікке жетпейтінін дауыстап айтқанымен, бара-бара ол қателерді түзетіп, «тапсырма орындаған кезде мұқият болуым керек» сияқты сөйлемдерді көптеп айта бастайды. Нәтижесінде, үлгі алып, үйреніп отырған баланың нәтижесі шеберлік үлгісінің нәтижесімен теңесті. Мұғалім үлгі ретінде қатысқан экспериментте балалар бейнероликтен сабақ үйретіп тұрған мұғалімді ғана көреді. Үлгі көрсетілмейтін балаларға бейнероликтер де көрсетілмеді. Эксперимент кезінде барлық балаға сабақ бірдей түсіндіріліп, олар бірдей жаттығады және азайтуға қатысты сенімділікке баға береді.

Еш үлгісіз немесе мұғалімді үлгі ретінде қатыстырған сабақтан гөрі, құрдастары үлгі ретінде қатысқан сабақтар оқушылардың өзіне сенімділігі мен жетістігін арттырды. Алайда еш үлгі болмаған сабаққа қарағанда мұғалім үлгі ретінде қатысқан сабақ сәл де болса нәтижені арттырғанын айта кету керек. Үлгінің қай-қайсысының да нәтижесі бірдей болды. Бұл оқушылардың үлгілер арасындағы айырмашылықтан гөрі, олардың ортақ (тапсырманы дұрыс орындауы) қасиеттеріне көбірек көңіл бөлуімен байланысты болуы мүмкін. Азайту есебін



шығару кезінде балалар өздерінің бұрынғы біліміне сүйенумен қатар, үлгінің үйренгенін олар да үйрене алады деген қорытындыға келуі мүмкін.

Тағы бір маңызды фактор – үлгі болар адамдардың саны. Бір ғана үлгіге қарағанда бірнеше үлгінің болуы адамдардың өздерін үлгінің кемінде біріне ұқсатуына түрткі болады (Телен және т.б., 1979). Бір үлгінің жетістігіне күмәнмен қарайтын оқушы осындай жетістікке жеткен бірнеше үлгіні көрген кезде өзінің де осылайша жақсы оқу мүмкіндігі бар екендігін түсінеді.

Шунк, Хэнсон және Кокс (1987) белгілі бір тапсырманы орындау кезінде жетістікке жеткен оқушыларға бір немесе бірнеше үлгінің қайсысы көбірек әсер ететіндігін байқап көреді. Шеберлік үлгісін көрсетіп отырған бір ғана үлгіге қарағанда бір ғана копинг үлгі немесе бірнеше шеберлік үлгілерінің қатар болуы балалардың өзіндік тиімділігін арттырғаны байқалған.

Шунк пен Хэлсон (1989а) үлгерімі орташа балаларға құрдастары үлгі ретінде қатысқан үш мысалды беру арқылы ұқсастық ерекшеліктерін ары қарай зерттеп көрді. Шеберлік үлгісін көрсететін балалар арифметикалық тапсырмаларды тез түсініп, оған деген оң көзқарастарын вербалды түрде білдірген (мыс., «қолымнан келетініне мен сенемін»).

Замандастарын үлгі ретінде көрсету просоциалды мінез-құлықты арттырады. Стрейн және т.б. (1981) жасты балаларға вербалды белгілер (мыс., «кубикпен ойнайық») мен қимыл-қозғалыс жауаптарын (балаға ойыншығын беру) қолдана отырып, оларды шеттетілген баламен әлеуметтік ойын ойнауға үйретеді. Балаларға ықылас білдіруді үйрету үшін көп уақыт қажет болғанымен, ол аса тиімді, себебі, әлеуметтік тұрғыдан шеттетілген (бекіту) баланы ортаға қосу үшін мұғалімнің ұдайы араласып отыруы қажет.

Өзі сияқты балалардың тапсырманы орындап жатқанын көру балалардың оқуға деген өзіндік сенімділігін арттырады. Сыныптан бірнеше баланы математикалық есептерді шығаруы үшін таңдап алып, қалғандарына олардың қалай шығарғанын бақылауға тапсырма беру арқылы бұл идеяны іске асыруға болады. Жетістікке жеткен оқушылар бақылап отырғандардың дұрыс әрекет етуге деген сенімділігін арттырады. Сыныптағы балалардың білім деңгейі әртүрлі болған жағдайда мұғалім үлгі ретінде түрлі деңгейге жататын балаларды таңдап ала алады. Балалар білімі жағынан өздерін сыныптағы кем дегенде бір баламен тең келеміз деп ойлайды.

Дағдыларды тез игеретін балалар өздерін бақылап отырған балаларға сол дағдыларды игеруге көмектесе алғанымен, үлгерімі төмен оқушылардың өзіндік сенімділігін арттыруға айтарлықтай әсер ете алмайды. Дағдыларды баяу игеретін балалар негізінен жақсы үлгі бола алады.

Мысалы, мұғалім тарих сабағында балалар азаматтық соғыс жайлы оқып жаты. Бұл кезде өте көп соғыс болғандықтан, олардың барлығын жаттау кейбір оқушылар үшін оңайлыққа түспеді. Сондықтан, ол оқушыларды үш топқа бөледі: 1-топта – материалды тез игеріп алған балалар болды. 2-топта – барынша дайындалғанымен, материалды енді енді түсініп келе жатқан балалар болды. 3-топта – әлі де қиналып отырғандар болды. 2-топтың оқушылары 3-топ үшін жақсы үлгі бола алады деген оймен, ол 2 және 3-топты біріктіреді, сөйтіп, 2-топ 3-топқа сабақ үйретеді.

Мұғалімдер үлгілі балалардың ынтасы мен зейінін де атап көрсете алады. Мысалы, бастауыш сынып мұғалімі балаларға әлеуметтік салыстырмалы ақпарат бере отырып, оқушылардың жұмыс жасау барысын бақылайды (мыс., «Кәусардың тапсырманы қалай орындап жатқанын көрдің бе? Сенің де тапсырманы сондай жақсы атқара алатыныңа сенемін»). Оқушылардың салыстырмалы әрекет деңгейін өздері де қол жеткізе алатын деңгей ретінде қабылдайтынына мұғалімдер сенімді болуы керек. Сондай-ақ, үлгі оқушыларды таңдаған кезде абай болған жөн.

Аз топта жұмыс жасаған кезде де жастары шамалас балалар құрдастарының өзіне сенімділігін арттыра алады. Нәтижелі жұмыс жасаған топ деп топтың әр мүшесі белгілі бір жауапкершілік атқаратын және бірлесе жұмыстау негізінде топ мүшелері мақтауға ие болатын топты атауға болады. Мұндай топтардың болуы қабілетке қатысты негативті әлеуметтік салыстыруларды азайтуға көмектеседі. Жетістігі төмен топтар өзіндік тиімділігін арттыра алмай қалуы ықтимал болғандықтан, мұғалімдер тапсырмаларды абайлап таңдағаны жөн.

Топтық жұмысты бірлесіп атқаратын оқушыларды таңдаған кезде Гина Браун балалардың қабілетін оларға қажетті дағдыларға (мыс., жазу, талдау, түсіндіру, зерттеу, ұйымдастыру) қарай бағалап, сосын олардың деңгейіне сай келетін тапсырмалар береді.



Қимыл-қозғалыс дағдылары

Өзіне сенімділіктің қимыл-қозғалыс дағдыларын игеріп, іске асыруда қажет екені анық. Гоулд пен Вейсс (1981) үлгі болар адамның ұқсас болуының пайдасы бар екендігін анықтады. Университетте жұмыс істейтін әйелдерге бұлшық еттерін дамытуға арналған тапсырма орындап жатқан, өздеріне ұқсайтын (еш атлетикалық білімі жоқ студент қыз) және ұқсамайтын (дене шынықтыру пәнінің ер жаттықтырушысын) үлгі ретінде көрсетеді. Өздеріне ұқсамайтын үлгіні көрген студенттерге қарағанда ұқсайтын үлгіні көрген студенттер жаттығуды жақсы орындап, өзіндік тиімділіктерін жоғары деп бағалайды. Тәсілдер түрлі болғанына қарамастан, өзіне сенімділік әрекетке оң әсер етті.

Джордж, Фельтц және Чейз (1992) университеттің студент қыздарына аяғын созу жаттығуын орындап жатқан үлгілерді пайдалана отырып, осы экспериментті қайталап көреді. Атлетті бақылағандармен салыстырғанда жай бір ер немесе әйел үлгіні бақылағандар аяқтарын жақсы соза алумен қатар, өзіне сенімділіктерін жоғарырақ бағалаған. Еш дағдысы жоқ аталмыш бақылаушылар үшін үлгілердің жынысынан гөрі, олардың қабілеті маңыздырақ болған.

Поуг-Дюшарм мен Броли (1993) өзіне сенімді адамдардың ұжымдық тапсырма орындау бағдарламаларына қатысу мүмкіндігін анықтайтындығын байқаған. Сабақ кезіндегі тапсырмалардан бастап, кедергілерді жеңу, жаттығу, жоспарлауға дейін өзіндік тиімділіктің әсері бағаланған. Өзіне сенімділік сондай-ақ, қарапайым тапсырмаларды ойластырып, іске асыруға да оң әсер еткен.

Білім берудің өзіндік тиімділігі

Өзіне сенімділіктің тек оқушыларға ғана емес, мұғалімдерге де қатысы бар (Пахарес, 1996; Тшеннен-Моран, Вулфолк Хой & Хой, 1998; Вулфолк Хой, Хой & Дэвис, 2009). Білім берудің өзіндік сенімділігі дегеніміз, адамның оқушыларға көмектесе алатындығына сенуі. Білім берудегі өзіне сенімділік мұғалімдердің әрекетіне, талпынысына, оқушыларға қатысты табандылығына әсер етуі керек (Эштон, 1985; Эштон & Уэбб, 1986). Өзіне сенімі аз мұғалімдер өздерінің шамасы жетпейді деп ойлайтын тапсырмаларды жоспарламауы, оқушылар қиналады деп олардан талап етпеуі немесе материал іздеп табуға талпынбауы және оқушылар түсінетіндей етіп сабақты қайта үйретпеуі мүмкін. Ал өзіне сенімділігі жоғары мұғалімдер күрделі тапсырмалар ойластырып, оқушылардың табысқа жетуіне көмектеседі және материалды игеруде қиналатын оқушылармен де талмай жұмыс жүргізеді. Мұғалімдердің мұндай мотивациялық әрекеттері оқушының жетістігін арттырады. Өзіне деген сенімділігі жоғары оқушылар өздерінің жұмысқа берілгендігін де көрсетеді (Чан, Ло, Най, Лим & Хоган, 2008). Эштон мен Уэбб (1986) өзіндік сенімі жоғары мұғалімдердің сабағы да көңілге қонымды болумен қатар, олар оқушылардың пікірін үнемі құптап, олардың қажеттілігіне көңіл бөліп отырады деп есептейді. Мұғалімнің өзіндік сенімі – оқушының жетістігінің маңызды көрсеткіші. Мектепке дейінгі білім беретін мұғалімдерге қатысты Вулфолк пен Хойдың (1990) қол жеткізген нәтижелері әртүрлі болды.

Тәжірибелі мұғалімдердің өзіне деген сенімінің жоғары болатындығы таңғаларлық жайт емес (Уолтерс & Догерти, 2007). Аталмыш зерттеушілер сондай-ақ, мұғалімдердің өзіндік тиімділігі білім алу барысындағы жетістіктер мен қиындықтарды еңсеруге ерекше мән бере отырып, алдарына дағдыны жоғары деңгейде игеру мақсатын қоятынын да анықтаған. Мұғалімнің өзіндік сенімділігі атқаратын жұмысына да оң әсер етеді (Колли, Шапка & Перри, 2012).

Зерттеушілер оқушылардың білім алуына жақсы әсер етуі мүмкін оқыту тәсілдерін де зерттеп көрді (Гибсон & Дембо, 1984; Вулфолк & Хой, 1990). Эштон мен Уэбб (1986) білім беру тиімділігі немесе жалпы білім беруден күтілетін нәтижелер мен белгілі бір нәтижеге қол жеткізу мақсатында қандай да бір әрекетті атқару кезіндегі өзіндік сенімділіктің айырмашылығын анықтауға тырысып көрді. Осыған дейін айтып өткеніміздей, өзіне сенімділік пен күтілетін нәтижелерді бір-бірімен байланысты деп есептейді. Бірақ, олай емес. Оқушының білім алуы



мұғалімнің бақылауынан тыс ортада немесе үйде іске асуы керек деп есептейтін мұғалімнің өзіндік сенімі жоғары болғанымен, оның білім беру тиімділігі төмен деуге болады. Тағы бір зерттеулер білім беруге қатысты өзіндік сенімділіктің ішкі және сыртқы факторлары бар деп көреді. Ішкі фактор адамның өздік әсері мен қуатын (күшін) білдірсе, сыртқы фактор мектептен тыс, яғни қоршаған ортаның әсері мен күшін білдіреді (Гаски & Пассаро, 1994).

Годдард және т.б. (2000) мұғалімдердің бірлесе жұмыс атқаруы оқушылардың білім алуына қалай әсер ететіндігін талқылап көрді. Ұжымдық тиімділікке өзіндік сенімділікпен байланысты төрт түрлі фактор әсер етеді: әрекет ету, қосымша дағдылар, әлеуметтік пікір, физиологиялық көрсеткіштер. Мұғалімдер енгізілген өзгерістерді бірге талқылап, бір-бірінен немесе үздік мектептерден үйренген жағдайда, әкімшілік және кәсіби дамыту орталықтары тарапынан өзгеріс жасауды құптаған жағдайда, сондай-ақ, қиындықтар мен күйзеліспен бірлесе күрескен жағдайда ұжымдық тиімділік арта түспек (Годдард, Хой & Вулфолк Хой, 2004). Ұжымдық тиімділік артқан жағдайда мұғалім де оқушыларға жағдай жасай бастайды.

Капрара, Барбаранелли, Боргогни және Штека (2003) мұғалімдердің ұжымдық тиімділікке деген сенімі олардың жұмысына қанағаттануына әсер ететінін байқады. Ұжымдық тиімділік басқалар (мыс., директорлар, жұмысшылар, ата-аналар, оқушылар) да өздерінің міндеттерін орындауға тырысып жатыр деген мұғалімнің сеніміне де байланысты болады. Бандурамен (1997) келісетін бір жайт, қоршаған орта орын алған өзгеріске жауап бермеген жағдайда жоғары тиімділіктің бір өзі ауыз толтырып айтарлықтай өзгерістерге бастай алмайды. Олай болса, көп салада мұғалімдердің жетіспейтіндігін ескерсек, мұғалімдерді сақтап қалу үшін мұғалімнің өзіне деген сенімі артып, олардың талпынысы оң өзгерістерге бастайтындай орта қалыптастыра білуіміз керек.